

Ақжайық ауданы бойынша 2021 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 16 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 қаңтарда № 6806 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық - атқару Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13898 тіркелген) сәйкес, Ақжайық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақжайық ауданы бойынша 2021 жылға жұмыс орындарының квотасы ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың жұмыскерлерінің тізімдік санынан ұйымдар үшін келесі мөлшерлерде:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін екі пайыз мөлшерінде;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін екі пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Ақжайық ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 72 "Ақжайық ауданы бойынша 2020 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6134 тіркелген, 2020 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Ақжайық ауданы әкімі аппаратының басшысына (Р.Рахметуллин) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Умитовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ақжайық ауданы бойынша 2021 жылға бас бостандығынан айыру
орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс
орындарына квота**

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыс орындарының саны	Квотаның мөлшері	Белгіленген квотаға сәйкес жұмыс орындарының саны
1.	Ақжайық ауданы әкімдігінің "Жайықтехсервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығына негізделген)	106	2 %	2
2.	"Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақжайық аудандық мәдени-демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	325	2 %	7

Ақжайық ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 20 қаңтардағы № 16
қаулысына 2-қосымша

**Ақжайық ауданы бойынша 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған
адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота**

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыс орындарының саны	Квотаның мөлшері	Белгіленген квотаға сәйкес жұмыс орындарының саны
1.	"Чапаев ауылындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесі	190	2 %	4
2.	"Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Чапаев ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	27	2 %	1
3.	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ақжайық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	705	2 %	14